

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МІНІСТЕРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АЛМАТЫ ТҮЛГА МӘСІЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН

2019 ж. «05» 07 күні өткізілді
№ 116139-1910-85 куәлік

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА

«05» 07 2019 г.
свидетельство № 116139-1910-00
БСН/БИН 190740006417

2019 жылғы «24» маусым
Құрылтайшылардың жалпы
жиналысының шешімімен бекітілді
№1 хаттама

**«Алматаның Салық Кеңесшілерінің
Бірінші Палатасы»
қоғамдық бірлестік
ЖАРҒЫСЫ**

1. ПАЛАТАНЫҢ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

1.1. «Алматының Салық Кеңесшілерінің Бірінші Палатасы» қоғамдық бірлестік (бұдан әрі мәтін бойынша «Палата») Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, салық кодексін, салық кеңесшілерінің ережелері мен стандарттарын, Кәсіби этика кодексін сақтау бөлігінде өз мүшелерінің қызметін қадағалау және салықтық көмек көрсету жөніндегі қызметті реттеу мақсатында құрылған, ерікті мүшелікке негізделген өздігінен реттелетін коммерциялық емес ұйым болып табылады.

1.2. Толық атауы:

қазақ тілінде: «Алматының Салық Кеңесшілерінің Бірінші Палатасы» қоғамдық бірлестік

орыс тілінде —Общественное объединение «Первая Палата Налоговых Консультантов г.Алматы»

ағылшын тілінде - «*First Chamber of Tax Experts of Almaty*»

Қысқаша атауы:

қазақ тілінде: АСКБП

орыс тілінде: ППНКА

ағылшын тілінде: ТЕА

1.3. Палата заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, осы Жарғы мен Құрылтай шарттың негізінде өз қызметін жүзеге асырады.

1.4. Палатаның құрылтайшылары осы Жарғыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары-бастамалаушылар болып табылады.

1.5. Палата мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттеріне ие болады.

1.6. Палатаның қызметі заңдылық, теңдік, өзін-өзі қаржыландыру, жауапкершілік, қызметтің ашықтығы, өзара көмек көрсету және мүдделерді қорғау, тәуелсіздік қағидаларына негізделеді.

1.7. Палатаның дербес теңгерімі, банктік шоттары, өзінің атауы көрсетілген мөрі бар.

1.8. Палатаның өз эмблемасы мен символикасы бар, олардың үлгілері орнатылған тәртіпте бекітіледі және тіркеледі.

1.9. Палата кәсіпкерлік қызметпен оның жарғылық мақсаттарына қаншалықты сәйкес келсе, сол шамада ғана айналыса алады.

1.10. Палатаның орналасқан жері: 050000, Алматы қ., Алмалы ауданы, Қазыбек би көш. 65, 507 кеңсе.

1.11. Палата қоғамдық бірлестік мәртебесі бойынша Алматы қаласы аясында әрекет ететін жергілікті қоғамдық бірлестік негізделген болып табылады.

1.12. Палата қоғамдық бірлестік ретінде Палата мәртебесінің өзгеруімен, жарғылық қызмет мақсаттары үшін филиалдар мен өкілдіктер ашуға құқылы.

1.13. Палатаның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

2. ПАЛАТА ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

2.1. Палата қызметінің мәні мен мақсаты:

- Палата мүшелерінің кәсіби қызметін үйлестіру;
- салық мәдениетін жақсарту;
- Палата мүшелерінің жалпы мүліктік және өзге мүдделерін өкілдеу және қорғау;
- шағын және орта бизнесті дамыту, инвестициялық жобаларды дамыту;
- басқа шаруашылық етуші субъектілердің қызметін қолдау және үйлестіру;
- Палата мүшелерін әдістемелік материалмен қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- Палата мүшелерінің бірыңғай баға саясатын келісу, қамтамасыз ету және қолдау;
- Палата мүшелеріне өзара қолдау көрсету;

- салаға тартылған ұрпақтар сабақтастығын ұйымдастыру;
- салық кеңесшілерін кәсіби дайындау (қайта даярлау);
- жаңа жұмыс орындарын құру;
- Палата мүшелеріне ақпараттық және құқықтық көмек көрсету;
- Палата мүшелерін оқыту және біліктілігін арттыру;
- Палата мүшелерінің құқықтарын қорғау, олардың мүдделерін барлық деңгейдегі мемлекеттік және өзге органдарда өкілдеу және ілгерілету, шетел мемлекеттерінің балама ұйымдарында Палата мүшелерінің мүдделерін өкілдеу;
- қызмет бағыты бойынша дамыту үшін Палата мүшелерінің күш-жігерін біріктіру және бір жерге шоғырландыру;
- маркетингтік зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін Палата мүшелеріне ұсыну;
- Палата мүшелерін Палата мүшелерінің қызмет бағыты бойынша статистикалық, сараптамалық, нормативтік, ғылыми-техникалық ақпаратпен қамтамасыз ету;
- сараптамалық жұмыс жүргізу;
- Қазақстан Республикасында мемлекеттік салық саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстарды дайындау және Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарына ұсыну;
- шетел мемлекеттерімен экономикалық, сауда, ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік ынтымақтастыққа жәрдемдесу;
- шаруашылық етуші субъектілердің басшыларының, кәсіпкерлер мен басқа міндеттілердің кәсіби және шығармашылық деңгейін жетілдіруге жәрдемдесу;
- баспагерлік қызметпен айналысу;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге қызметпен айналысу және дамыту.

3. ПАЛАТАДАҒЫ МҮШЕЛІК, ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Палата өздігінен реттелетін ұйым бола тұра, өздігінен реттеу субъектілері мен олардың қызметіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған талаптардан жоғары талаптарды орнатып, салық кеңесшілері қызметінің саласындағы мемлекеттік реттеумен қатар әрекет етеді.

3.2. Салық кеңестемелерімен айналысатын, осы Жарғыны, Палатаның ережелері мен стандарттарын мойындайтын, Палатаның мақсаттары мен міндеттерін қолдайтын, біліктілік емтиханын уақытылы тапсырған және Палатаның Директорлар кеңесінің шешімімен анықталған мөлшерде айлық мүшелік салымдарды уақытылы төлейтін кез келген тұлға Палата мүшесі бола алады.

3.3. Палатадағы мүшелікке қабылдаудың негізін үміткердің жазбаша өтініші мен Палатаның Директорлар кеңесінің шешімі құрайды.

3.4. Палата мүшесі құқылы:

- Палатаны басқаруға осы Жарғымен көзделген тәртіпте қатысу;
- Палатаға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін қаржылық немесе мүліктік көмек көрсету;
- Палатаның қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде осы Жарғымен немесе Директорлар кеңесінің шешімімен анықталған тәртіпте Палатаның қаржы есептілігімен танысу.

3.5. Палата мүшесі міндетті:

- мүшелік салымдарды уақытылы салу;
- Палатаның мақсаттарына қол жеткізу мен міндеттерді орындауға жәрдемдесу;
- осы Жарғының, ережелер мен стандарттардың, сондай-ақ Палатаның өзге құжаттарының талаптарын орындау;
- коммерциялық құпияны құрайтын Палатаның қызметі туралы мәліметтерді жарияламау.

Палата мүшелерінің ешбірі және олардың лауазымды тұлғалары, сондай-ақ Палатаның лауазымды тұлғалары шешімдерді тікелей және (немесе) жанама анықтауға және (немесе) Палатаның кез келген мүшесі немесе лауазымды тұлғасы қабылдайтын шешімдерге, соның ішінде құрылтай шарттың немесе өзге мәміленің күшіне орай ықпал етуге құқылы емес.

3.6. Палатадағы мүшелік:

- Палата мүшесінің қалауымен, оның жазбаша өтінішінің негізінде;
- өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамағаны, Палата Жарғысының, Ережелердің, Стандарттардың бұзылғаны үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған тәртіпте тоқтатыла алады.

3.7. Палата мүшесі қаржы жылы аяқталған өз қарауымен Палатадан шығуға құқылы. Бір жағдайда ол құрылтай құжаттармен көзделген мерзім ішінде өзінің салымына пропорционал Палатаның міндеттемелері бойынша ортақ жауапкершілікті көтереді. Қаржы жылының ұзақтығы күнтізбелік жылдық ұзақтығымен сәйкес келеді.

3.8. Палатаның мақсаттарына қол жеткізуге өзінің әрекеттерімен кедергі келтіретін немесе 6 ай бойы мүшелік салымдарды төлемейтін Палата мүшесі Жалпы жиналыста бекітілуімен, Палата Президентінің шешімімен Палатадағы мүшеліктен шығарыла алады.

3.9. Палатадан шығу мүшеліктен шығатын тұлғамен салынған қандай да бір салымдардың немесе қандай да бір басқа төлемдердің қайтарылуына құқық бермейді.

3.10. Өздігінен реттеуде мүдделер қайшылығын болдырмау мақсатында Палата мүшелері, Палатаны басқару органдарының құрамына кіретін тұлғалар, олардың қызметкерлері ең алдымен Палата қызметінің мақсаттарына қатысты Палатаның мүдделерін сақтауға міндетті және өздерінің кәсіби міндеттерін жүзеге асыруларымен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбаулары немесе Палатаның жарғысында, Стандарттары мен Ережелерінде көрсетілген мақсаттарға қайшы келетін мақсаттарда осындай мүмкіндіктерді пайдалануға жол бермеулері тиіс.

3.12. Палата өз мүшелерінің Палатаның Ережелері мен Стандарттарының талаптарын, Палатадағы мүшелік шарттарын сақтауларына қатысты тексеру жүргізу арқылы кәсіпкерлік қызметке қадағалау жүргізеді.

4. ПАЛАТАНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1. Организационная структура Палатаның ұйымдық құрылымы Палатаның басқару органдарынан және мамандандырылған органдарынан тұрады.

4.2. Палатаны басқару органдары:

- Жоғарғы орган – Палата мүшелерінің жалпы жиналысы;
- Алқалық орган – Палатаның Директорлар кеңесі;
- Атқарушы орган – Палата Президенті;
- Қадағалау органы – ревизиялық комиссия;

4.3. Палатаның мамандандырылған органдары:

- Палата мүшелерінің Палатаның Ережелері мен Стандарттарын сақтауларын қадағалауды жүзеге асыратын орган;
- Палата мүшелерінің Палата Ережелері мен Стандарттарының талаптарын, Палатадағы мүшелік шарттарын бұзғаны туралы істерді қарайтын орган;
- Қазақстан Республикасының заңдары мен Палатаның құрылтай құжаттарына сәйкес Палатаның өзге мамандандырылған органдары.

4.3.1. Палатаның мамандандырылған органдары Палатаның Директорлар кеңесімен бекітілген қағидалардың негізінде әрекет етеді және өз қызметін өздігінен орындайды.

4.3.2. Палата мүшелерінің Палата Ережелері мен Стандарттарының талаптарын, мүшелік шарттарын сақтауларын қадағалаушы орган жүргізген тексеру, Палата мүшелерінің әрекеттеріне шағымдарды қарау нәтижелері бойынша Палата мүшелерінің Палата Ережелері мен Стандарттарының талаптарын, мүшелік шарттарын бұзғаны туралы істерді қарайтын орган Палатаның Директорлар кеңесіне Палата мүшелеріне қатысты ықпал ету шараларын қолдану туралы кеңестерді жолдайды.

4.3.3. Палата мүшелеріне қатысты ықпал ету шараларын қолдану туралы істерді қарайтын орган Палатаның Директорлар кеңесіне ықпал ету шараларын қолдану туралы мәселелерді жолдайды.

4.4. Палата органдарының, мүшелерінің есептілік беру және олардың қызметін бақылау тәртібі, мерзімдері есептік жылдың алдындағы күнтізбелік жылдың соңында Палата мүшелерінің жалпы жиналысымен анықталады және бекітіледі.

5. ПАЛАТА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

5.1. Палата мүшелерінің жалпы жиналысы осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңдарымен оның құзыретіне жатқызылған Палата қызметінің мәселелерін қарауға уәкілетті Палатаның жоғарғы басқару органы болып табылады.

5.2. Палата мүшелерінің жалпы жиналысы оның жарғысымен орнатылған мерзімділікпен және тәртіпте шақырылады, бірақ жылына бір реттен сирек емес. Оны шақыру туралы шешім және жұмыс тәртібі Палата мүшелеріне 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарланады. Палата мүшелерінің жалпы жиналысының отырыстары, егер оларға Палата мүшелерінің жартысынан артығы қатысқан жағдайда (кворум), құқыққабылетті болып саналады.

5.3. Палата мүшелерінің жалпы жиналысының құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- Палатаның жарғысын бекіту, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;
- Палатаның Төрағасы мен Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, аталмыш органның өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату немесе Директорлар кеңесінің Төрағасының немесе оның жекелеген мүшелерінің өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Палата Президентінің лауазымына тағайындау, лауазымынан мерзімінен бұрын тоқтату, дәл осылай атқарушы басқару органын құру және оның өкілеттіліктерін тоқтату;
- Палатаның ревизиялық комиссиясының мүшелерін Палатаның Жарғысымен бекітілген тәртіпте сайлау;
- Палата мүшелерінің Палатаның Ережелері мен Стандарттарының талаптарын, Палатадағы мүшелік шарттарын бұзу туралы істерді қарау тәртібін, ықпал ету шараларын, оларды қолдану тәртібі мен негіздерін бекіту;
- Палата қызметінің басым бағыттарын, мүлкін қалыптастыру және пайдалану қағидаларын анықтау;
- Палатаның атауын, орналасқан жерін өзгерту туралы шешімдерді қабылдау;
- Палатаға төленетін мүшелік салымдардың мөлшерін анықтау;
- ішкі қағидаларды, Директорлар кеңесінің, Президенттің, ревизиялық комиссияның және мамандандырылған органдардың есептерін Палатаның жарғысымен немесе Палатаның басқа ішкі құжаттарымен бекітілген үлгі бойынша, тәртіпте және мерзімділікпен бекіту;
- Палатаның бюджетін бекіту, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, Палатаның жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- Палатаны қайта құру немесе тарату туралы шешімдерді қабылдау, таратушыны немесе тарату комиссиясын тағайындау;
- Палата мүшелерінің қатарынан шығару негізсіздігі бойынша тұлғалардың жүгінулерін қарау;
- Палатаның бухгалтерлік есебі мен қаржы есептілігін тексеру үшін аудиторлық ұйымды тағайындау;
- Қазақстан Республикасының заңдары мен Палатаның Жарғысына сәйкес өзге шешімдерді қабылдау.

Барлық мәселелер бойынша шешімдер Палатаның дауыс беруші мүшелерінің қарапайым көпшілігімен қабылданады. Дауыстар саны тең түскен жағдайда, Жалпы жиналыс төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Палата мүшелерінің жалпы жиналыстары Палатаның барлық мүшелері үшін міндетті болып табылады.

5.4. Палата мүшелерінің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Палата жыл сайын Палата мүшелерінің жылдық Жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Палата мүшелерінің өзге Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. Палата мүшелерінің Жалпы жиналысын ашық және сырттай өткізуге рұқсат етіледі.

Палата мүшелері, соның ішінде Палатаның құрылтайшылары болып табылатындар, өзара тең, олардың әрбіреуі бір дауысқа ие.

Палата мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, соның ішінде Палатаның басқа мүшесіне табыстауына жол берілмейді.

Палата мүшелерінің бірінші Жалпы жиналысы өздігінен реттелетін ұйымдар тізілімінен Палата қызметінің басталғаны туралы қабылданған хабарландыру жайлы үзінді алғаннан кейін екі ай ішінде шақырылуы және өткізілуі тиіс.

Палата мүшелерінің бірінші Жалпы жиналысында Палатаның Директорлар кеңесі сайланады, Палатаның Президенті тағайындалады. Шешімді Палата мүшелерінің білікті көпшілігі қабылдайды, бұл Палатаның дауыс беруші мүшелерінің жалпы санының үштен екі бөлігін құрайды. Палата мүшелерінің бірінші Жалпы жиналысы, шешім қабылдау Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарастыруға құқылы.

5.4.1. Палата мүшелерінің жылдық Жалпы жиналысында бекітіледі:

- Палатаның жылдық қаржы есептілігі;
- Палата мүшелерінің алдында Палатаның басқару органдарының есебі.

Палата мүшелерінің жылдық Жалпы жиналысы шешім қабылдау Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

Палата мүшелерінің жылдық Жалпы жиналысы қаржы жылының аяқталуынан кейін үш ай ішінде өткізілуі тиіс. Есептік кезең үшін Палатадағы аудитті аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім екі айға дейін ұзартылған болып саналады.

Палата мүшелерінің жылдық Жалпы жиналысы Директорлар кеңесімен немесе Палатаның Президентімен шақырылады.

5.4.2. Палата мүшелерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы:

- Палатаның Директорлар кеңесінің;
- Палатаның атқару органының;
- Палата мүшелерінің үштен бірінің бастамасы бойынша шақырылады.

5.5. Палата мүшелерінің Жалпы жиналысын дайындау және өткізу:

- Палатаның Директорлар кеңесімен;
- Палатаның атқарушы органымен;
- Палатаның тарату комиссиясымен жүзеге асырылады.

Палата мүшелерінің Жалпы жиналысын Палата мүшелерінің үштен бірінің бастамасымен дайындау және өткізу Палатаның Атқарушы органымен жүзеге асырылады.

5.6. Палатаның Жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу шығындарын Палата көтереді.

5.7. Палатаның басқару органдары жарғымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен орнатылған Палата мүшелерінің жылдық Жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда, Палата мүшелерінің жылдық Жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырыла және өткізіле алады.

6. ПАЛАТАНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

6.1. Директорлар кеңесі – осы жарғымен Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа, Палата қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын Палатаны басқарушы алқалық орган.

6.2. Палатаның Директорлар кеңесінің құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- Палата мүшелерінің Жалпы жиналыстарының шешімдерін іске асырады;

- Палатаның Ережелері мен Стандарттарын бекіту, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

- Палатаның мамандандырылған органдарын құру, олар туралы қағидаларды және қызметтерін жүргізу ережелерін бекіту;

- Палатаның Атқарушы органының қызметіне тексеру жүргізу туралы шешімдерді қабылдау;

- Палата мүшелерінің Жалпы жиналысына Палата Президентінің лауазымына тағайындау үшін үміткерді немесе үміткерлерді ұсыну және лауазымынан босату;

- төреші ретінде үміткерлікке ұсыныла алатын тұлғалар тізбесін Палатамен құрылған төрелікте өтініштер бойынша қаралатын дауларға қатысушылардың таңдауы үшін бекіту;

- Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе Палатаның жарғысымен көзделген негіздер бойынша Палата мүшелерінің қатарына кіру немесе Палата мүшелерінің қатарынан шығару туралы шешімді қабылдау;

- Палата Президентінің кез келген шешімін болдырмауға немесе өзгертуге құқылы;

- Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылмаған өзге мәселелер.

6.3. Палатаның Директорлар кеңесінің сандық құрамы, оны құру, қызмет ету, шешімдерді қабылдау, өкілеттіліктерді тоқтату тәртібі мен шарттары Палатаның Жарғысымен орнатылады.

6.4. Палатаның Директорлар кеңесі Палата мүшелерінің қатарынан құрылады. Директорлар кеңесін Палата мүшелерінің Жалпы жиналысы бес жыл мерзімге сайлайды. Палатаның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау дауыс беру арқылы жүргізіледі. Палатаның Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны үштен кем бола алмайды, және әрқашан тақ санға тең болуы тиіс.

6.5. Палатаның Директорлар кеңесінің мүшесі өздігінен реттеудегі мүдделер қақтығысы туралы жазбаша түрде мәлімдеуге міндетті. Палатаның Директорлар кеңесінің мүшесі өздігінен реттеудегі мүдделер қақтығысы және осыған орай өздігінен реттеу субъектілерінің заңды мүдделерін нұқсан келтіру мүмкіндігі туралы мәлімдеу міндетін орындамаған жағдайда, Палата мүшелерінің Жалпы жиналысы осындай мүшенің өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

6.6. Палатаның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие.

6.7. Палатаның Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттіліктерін оның өз бастамасымен тоқтату кез келген уақытта Палатаның Директорлар кеңесіне жазбаша хабарландыру арқылы жүзеге асырылады.

6.8. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің қатарынан көпшілік дауыстармен сайланады. Директорлар кеңесінің төрағасы біруақытта Палатаның Президенті бола алады. Директорлар кеңесінің төрағасы уақытша болмаған жағдайда, оның қызметін Төрағаның шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі орындайды.

6.9. Палатаның Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыстың күні, уақыты, орны мен күнінің көрсетілуімен Директорлар кеңесінің алдағы отырысы туралы жазбаша хабарландыру жолданады. Палатаның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарландыру отырыстың шақыртылуынан кем дегенде он күн бұрын жолданады. Палатаның Директорлар кеңесі тоқсанына 1 реттен сирек емес жиналады. Палатаның Директорлар кеңесінің отырыстарын ашық және сырттай өткізуге рұқсат етіледі. Директорлар кеңесінің орналасқан жері Палатаның Атқарушы органының кеңсесі болып табылады,

6.10. Палатаның Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің Төрағасымен оның өз бастамасы бойынша, Палатаның кез келген мүшесінің талабымен шақырылады.

6.11. Палатаның Директорлар кеңесі, егер оның отырысына Палатаның Директорлар кеңесінің сайланған мүшелер санының жартысынан артық бөлігі қатысса, шешім қабылдау құқыққабылетті.

6.12. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қатысып отырған мүшелердің қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады. Дауыстар саны тең түскен жағдайда, Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

7. ПАЛАТАНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ

7.1. Палата Президентінің құзыретіне Палата мүшелерінің жалпы жиналысының және Палатаның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған Палатаның шаруашылық және өзге қызметінің кез келген мәселелері жатады. Президент Палата мүшелерінің жалпы жиналысымен бес жылдық мерзімге тағайындалады.

7.2. Президент Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

7.3. Президент Палата жұмыстарының жылдық жоспарын әзірлейді және оны іске асырады.

7.4. Президент Палатаның атынан әрекет етеді, оның мүдделерін өкілдейді, Палатаның атынан мәміле жасайды, штат пен шығындар сметасын бекітеді, Палатаның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдер (бұйрықтар мен өкімдер) шығарады және нұсқаулар береді.

7.5. Палатаның Президенті:

- үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Палатаның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

- Палатаны өкілдеу құқығына сенімхаттар береді;

- Палатаның Атқарушы органының, Филиалдардың директорлары мен Өкілдіктердің Басшыларын тағайындайды;

- Палатаның қызметкерлерін лауазымдарына тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, жалақы төлеу жүйесін анықтайды, лауазымдық жалақы мен жеке үстемақылардың мөлшерлерін орнатады, сыйлықақы төлеу, материалдық көмек көрсету мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;

- банктерде Палатаның шоттарын ашады және олар бойынша операциялар жүргізеді;

- ақша құралдарын пайдалану тәртібін анықтайды;

- Палата қызметінің тәртібін анықтайтын ішкі құжаттарды бекітеді;

- өз өкілеттіліктерінің бөлігін Палатаның Атқарушы директорына табыстауға құқылы;

- Палатаның басқарушы органдарының бекітумен, Палатаның филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешімдерді қабылдайды.

8. ПАЛАТАНЫҢ РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯСЫ

8.1. Палатаның қадағалаушы органы Палатаның қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізетін Ревизиялық комиссия болып табылады.

8.2. Палатаның Ревизиялық комиссиясының мүшелері Палата мүшелерінің Жалпы жиналысымен бес жылдық мерзімге тағайындалады. Ревизиялық комиссия мүшесінің өкілеттілік мерзімі Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатыла алады.

8.3. Ревизиялық комиссия жыл сайын Палатаның қаржы есептілігіне тексеру жүргізеді және оны Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының бекітуіне ұсынады.

8.4. Ревизиялық комиссияның мүшелері Палатаның Директорлар кеңесінің мүшелері, Палатаның Атқарушы органының мүшелері бола алмайды.

9. ПАЛАТАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Палата құқылы:

- өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін өкілдеу және қорғау, сондай-ақ мемлекеттік органдармен, жеке және тұлғалар жүгінген жағдайда – олармен өзара қарым-қатынастарда олардың өкілдері болу;

- өздігінен реттеу субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне шек қоятын, қабылданған нормативтік-құқықтық актілер бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар жасау;

- мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік қызметкерлердің даулануы тиіс шешімдерін сот арқылы даулау;

- дауларды сотта және сотқа дейін шешуге қатысу, соның ішінде төрелік соттарында;

- мүшелік салымдарды жинау және Палатаның мүлкін Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған көздерден қалыптастыру;

- Палата мүшелерін кәсіби оқыту, аттестациялау, емтихан қабылдауды ұйымдастыру;

- Палата мүшелері үшін міндетті Ережелер мен Стандарттарын бекіту;

- Палата мүшелерін Палатаның Ережелері мен Стандарттарының талаптарын, Палатадағы мүшелік шарттарын орындау бөлігінде қадағалау;

- Қазақстан Республикасының заңдарымен, Палатаның жарғысымен және ішкі құжаттармен көзделген ықпал ету шараларын өз мүшелеріне қатысты қолдану;

- Қазақстан Республикасының өздігінен реттеу туралы заңнамасын бұзатын тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу;

- өз жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында жарықтандыру;

- мемлекеттік құпияны, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтерден басқа, орталық және жергілікті мемлекеттік билік органдарынан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған тәртіпте Қазақстан Республикасының заңдарымен жүктелген қызметтерді Палатының орындауы үшін ақпаратты алу.

9.2. Палата Қазақстан Республикасының заңдарымен және Палатаның жарғысымен орнатылған өзге құқықтарға ие.

9.3. Палата міндетті:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, Палатаның жарғысын және ол қабылдаған Ережелер мен Стандарттарды сақтау;

- өкілеттіліктер шегінде Палатаның жұмыстарын, қызметтерін тұтынушылардың заңды мүдделері мен құқықтарының бұзылуына жол бермеу шараларын қабылдау;

- мүшелердің құқықтық сауаттылығы мен кәсіби сауаттылығын арттыру бойынша мүшелердің арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- Палата мүшелеріне ақша түсімі мен шығындалуы туралы ақпараттандыру;

- өз қызметінің және өз мүшелерінің қызметтерінің ақпараттық мөлдірлігін қамтамасыз ету;

- егер міндетті мүшелікке негізделетін болса, өздігінен реттеу мәселелері бойынша әзірленетін Ережелер мен Стандарттарды уәкілетті органмен және реттеуші мемлекеттік органмен келісу;

- Қазақстан Республикасының заңдарымен, Палатаның жарғысымен немесе Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының шешімімен бекітілген өзге құжатпен орнатылған тәртіпте, реттеуші мемлекеттік органдарға ұсынумен, есеп түрінде Палатаға ұсынылатын ақпараттың негізінде өз мүшелерінің қызметіне талдау жүргізу;

- реттеуші мемлекеттік органға өз мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасын, Палатаның Ережелері мен Стандарттарын бұзғандары туралы, сондай-ақ Палата мүшелеріне қатысты қолданылған ықпал ету шаралары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарымен, Палатаның жарғысымен немесе Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының шешімімен бекітілген өзге құжатпен орнатылған тәртіпте жеткізу.

9.4. Палата өздігінен реттеудегі мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқтыратын қызметпен айналысуға және әрекеттерді жасауға құқылы емес.

10. ПАЛАТАНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН СТАНДАРТТАРЫ

10.1. Палата келесі мақсаттарды қамтамасыз етуге бағытталған, барлық мүшелердің орындауы үшін міндетті Ережелер мен Стандарттарды әзірлеуге құқылы:

- мүшелерге қойылатын нақты талаптарды анықтау;
- мүшелерімен орындалатын жұмыстардың, қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру;
- жұмыстардың, қызметтердің сапасына қатысты тұтынушыларды адастыратын әрекеттерді болдырмау;
- жұмыстардың, қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- Палата мүшелерінің мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану;
- Палата мүшелерінің мүдделерін қорғау.

10.2. Палатаның Ережелері мен Стандарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орнатылған талаптарға, іскерлік этика ережелеріне сәйкес әзірленеді, сондай-ақ өздігінен реттеудегі мүдделер қақтығысын жоюға немесе азайтуға жәрдемдеседі.

Палатаның Ережелері мен Стандарттарын қабылдау мемлекеттік органдардың олардың құзыретінің шегінде өздігінен реттеу субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау мүмкіндігін жоймайды.

10.3. Палатаның Ережелері мен Стандарттары әділ емес бәсекелестікке, жұмыстарды, қызметтерді тұтынушыларға және өзге тұлғаларға моральдік зиян немесе нұқсан келтіретін әрекеттердің жасалуына, Палата мүшесінің іскерлік беделіне немесе Палатаның іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әрекеттердің жасалуына кедергі болатын талаптарды орнатады. Палатаның Ережелері Палата мүшелерінің жауапкершілігін және жауапкершілікке тарту тәртібін көздейді.

10.4. Ережелер мен Стандарттар Палатаның интернет-ресурсына міндетті орналастырылуы және (немесе) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді басылымдарда жариялануы тиіс.

11. ПАЛАТАНЫҢ МҮЛКІ

11.1. Палатаның мүлкі мыналардан қалыптасады:

- міндетті салымдар;
- ерікті салымдар мен қайырымдар;
- кәсіпкерлік қызметпен, Палата мүшелерінің коммерциялық және кәсіби мүдделерімен байланысты білім беру қызметтерін көрсетуден түскен түсімдер;
- кәсіпкерлік қызметпен, Палата мүшелерінің коммерциялық және кәсіби мүдделерімен байланысты ақпараттық материалдарды сатудан түскен түсімдер;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған табыстар мен түсімдердің басқа көздері.

11.2. Палата міндетті салымдардың келесі түрлерін орнатуға құқыққабилетті:

- Палатадағы мүшелікке кіргенде төленетін мүшелік салымдар;
- тұрақты айлық негізде төленетін мүшелік салымдар.

Міндетті салымдар Палатаның меншігі болып табылады, Палатаның шотына түседі және оның жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

Кіріс салымының мөлшері ол орнатылатын күнтізбелік жылдың алдындағы күнтізбелік жылдың 1 қарашасынан 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде бекітілетін айлық мүшелік салым мөлшерінің 50% құрайды.

11.2.1. Кіріс салымын төлеу білікті емтихан тапсырылған күннен және ұсынылған төлем шотының негізінде Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының Палатадағы мүшелікке қабылдау туралы шешімі қабылданған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

11.2.2. Мүшелік салымдарды төлеу ай сайын ұсынылған төлем шотының негізінде жүргізіледі.

11.3. Жалпы жиналыстың шешімімен Палата мүшесі оның тарапынан жазбаша өтінішхаттың негізінде 6 (алты) айдан аспайтын мерзімге мүшелік салымдарды төлеуден

уақытша босатыла алады. Бұл ретте, мүшелік салымдарды төлеуден босату туралы өтінішхат берген Палата мүшесі 5 (бес) жыл мүшеліктің ішінде 2 (екі) реттен артық емес жүгінуге құқылы.

11.4. Палата мүшесі мүшелік салымды төлеу үшін орнатылған мерзімді өткізген жағдайда, оған Палата мүшелерінің Жалпы жиналысымен орнатылған санкциялар қолданыла алады.

11.5. Палата мүшелерінің міндетті салымдарды төлеу толықтығы мен уақытылылығын қадағалау Палатаның Атқарушы органына жүктеледі.

11.6. Палатадан шығу немесе шығару кезінде ертеректе төленген мүшелік салымдар қайтарылмайды.

11.7. Палатаның меншігінде ғимараттар, құрылыстар, жабдықтар, кез келген басқа мүлік, ұлттық валютада және басқа мемлекеттердің валютасында ақша, зияткерлік меншік объектілері, басқа мүліктік және мүліктік емес құқықтар бола алады.

11.8. Палатаның мүлкі оның теңгерімінде есепке алынады.

11.9. Палата өз қызметінің нәтижесінде алған табысты үлестіру осы Жарғымен көзделген мақсаттарға жүргізіледі. Палата өз мүшелерінің арасында табысты үлестіруге құқылы емес.

11.10. Палатаның Атқарушы органы Палата мүшелерінің кезекті Жалпы жиналысында міндетті салымдардың түсімдерінің мөлшері мен оларды нысаналы пайдалану туралы есеп береді. Палата мүшелерінің әрбіреуі Палатаның Атқарушы органының мекен-жайына жазбаша өтініш арқылы Палатаның ақша құралдарының түсімдері мен шығындалуы туралы ақпаратты сұратуға құқылы.

12. ПАЛАТАНЫҢ АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІ ЖӘНЕ ОНЫ ЗАҢСЫЗ ПАЙДАЛАНУДАН ҚОРҒАУ

12.1. Палата өзінің интернет-ресурсында орналастыру және (немесе) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы келесі ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндеттенеді:

- өз мүшелерінің құрамы туралы;
- жұмыстарды, қызметтерді тұтынушылар мен өзге тұлғалардың алдындағы Палата мүшелерінің жауапкершілігін қамтамасыз ету шарттары, тәсілдері мен тәртібі туралы;
- Палатадағы мүшелігін тоқтатқан мүшелер және мүшелікті тоқтату негіздері туралы;
- Палатадағы мүшелік шарттары туралы;
- өздігінен реттелетін Ережелер мен Стандарттардың құрамы туралы;
- Палатаның басқарушы органдары мен мамандандырылған органдарының құрылымы мен құзыреті, Палатаның Директорлар кеңесінің, Атқарушы басқару органының сандық және дербес құрамы, Палата Президентінің қызметін атқаратын тұлға туралы;
- Палата мүшелерінің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер туралы;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Палатаның Ережелері мен Стандарттарын бұзғандары үшін Палата мүшелерін жауапкершілікке тарту жағдайлары туралы (мұндай ақпарат болған жағдайда);
- Палата соттарға берген кез келген талап арыздар мен арыздар туралы;
- Палата өз мүшелерінің қызметіне жүргізген тексерулердің нәтижелері туралы;
- Палатаның жылдық қаржы есептілігі туралы және Қазақстан Республикасының заңдарымен аудит жүргізу міндеттілігі орнатылған жағдайда, немесе Директорлар кеңесі аудит жүргізу туралы шешім қабылдаған жағдайда, аудит нәтижелері туралы;
- Палата өтемақы қорын Палата орындаған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) тұтынушылардың және өзге тұлғалардың алдында Палата мүшелерінің мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз ету тәсілі ретінде қолданған жағдайда, өздігінен реттелетін өтемақы қорының мөлшері туралы, сондай-ақ Палата мүшелерінің жұмыстарды, қызметтерді тұтынушылардың және өзге тұлғалардың алдындағы мүліктік жауапкершілігін

қамтамасыз ету мақсаттарында Палатаның өтемақы қорынан төлем жүргізу деректері туралы және мұндай төлемдер жүргізілсе, осындай төлемдердің негіздері туралы;

- Қазақстан Республикасының заңдарымен және (немесе) Палатаның құжаттарымен көзделген ақпарат.

12.2. Палата қызметкерлерінің заңсыз пайдалануы Палата мүшелеріне моральдік зиян және (немесе) мүліктік нұқсан келтіруі мүмкін немесе осындай зиянның және (немесе) нұқсанның келтірілуі үшін алғышарттар құруы мүмкін ақпаратты алу, пайдалану, өңдеу, сақтау және қорғау тәсілдері көзделеді.

12.3. Палата қызметтік жағдайының күшіне орай мәлім болған ақпаратты заңсыз пайдаланумен байланысты өз қызметкерлерінің әрекеттері үшін өз мүшелерінің алдында жауап береді.

12.4. Палата Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ақпаратты жариялау жөніндегі міндеттерді орындамау және (немесе) тиісінше орындамау үшін жауап береді.

13. ПАЛАТА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

13.1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, жарғыны, Палатаның ережелері мен стандарттарын бұзғаны үшін оның мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарына, Палатаның ережелері мен стандарттарына сәйкес жауап береді.

13.2. Палата мүшелеріне қатысты өндіріп алуларды қолдану, алып тастау және даулау тәртібі, егер Қазақстан Республикасының заңдарымен өзге орнатылмаса, Палатаның жарғысымен және ережелерімен анықталады. Палата мүшесінің теріс қылық жасағаны үшін бір ғана өндіріп алу қолданыла алады.

13.3. Палатаның Ережелері мен Стандарттарының талаптарын бұзу туралы істер бойынша өндіріс Палата Президентінің құзыретіне жатқызылады.

13.4. Қазақстан Республикасының заңдарында реттеуші мемлекеттік органдардың Палатаға іс қозғау туралы ұсыныс енгізу құқығы көзделген жағдайларда, іс олардың өкілінің қатысуымен қаралады. Қарау уақыты мен орны туралы тиісінше хабардар етілген өкілдің келмеуі істің жүргізілуіне кедергі келтірмейді.

13.5. Палата Президентінің өндіріп алу туралы шешімі Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте Палатаның мүшесімен даулана алады.

13.6. Егер өндіріп алу қолданылған күннен бастап алты ай ішінде мүшеге қатысты жаңа өндіріп алу қолданылмаса, оған қатысты өндіріп алу қолданылмаған болып саналады.

14. МҮЛІКТІК ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӘСІЛДЕРІ

14.1. Палата төмендегілер арқылы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) тұтынушылардың және өзге тұлғалардың алдында, соның ішінде өзінің және өз мүшелерінің мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз ету тәсілдерінің бірін қолданады:

- өтемақы қорынан төлемдер;
- азаматтық-жауапкершілікті сақтандыру;
- Палата мүшелерін мүліктік жауапкершілікке тарту;
- Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз етудің өзге тәсілдерін пайдалану.

14.2. Мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету аясында өндіріп алуға жүгіну келесі жағдайлардың бірінде жүргізіледі:

- Палата талаптардың негізділігін мойындау және өндіріп алуды қанағаттандыру қажеттілігі жағдайында;

- заңды күшіне енген сот немесе төрелік шешімінің негізінде.

14.3. Мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету шараларын қолдану тәртібі, егер Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе оның Жарғысымен өзге көзделмесе, Палатаның Ережелерімен анықталады.

14.4. Палатаның өтемақы қорының құралдары Палатаның басқа мүлкінен бөлінген. Өтемақы қорының құралдарын Палатаға тиесілі өзге құралдармен, сондай-ақ қаржы есептілігінде көрсету кезінде, араластыруға жол берілмейді.

15. ПАЛАТАНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ

15.1. Осы Жарғыға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгерістер мен толықтырулар Палата мүшелерінің Жалпы жиналысымен қабылданады.

15.2. Палатаның Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік тіркелуі тиіс және тіркеу сәтінен бастап күшіне енеді.

16. ПАЛАТАНЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

16.1. Палатаны қайта құру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

16.2. Палатаны тарату Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының немесе соттың шешімімен жүргізіледі.

16.3. Палатаны тарату Палата мүшелерінің Жалпы жиналысымен немесе сот егер тарату туралы шешім қабылдаса, сотпен тағайындалатын тарату комиссиясымен жүзеге асырылады. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Палатаның істерін басқару өкілеттіліктері көшеді. Осы сәттен бастап ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес оның қызметіне қатысты барлық мәселелер бойынша Палатаның жалғыз уәкілетті өкілі болып табылады.

16.4. Тарату комиссиясы таратуды жүргізеді, тарату теңгерімін құрастырады және оны Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының бекітуіне ұсынады. Құрылған сәтте комиссия келесі әрекетерді қабылдайды: қолданыстағы заңнамаға және осы жарғыға сәйкес анықталған ресми баспа органына оны тарату туралы, мүмкін шағымдарды мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы хабарлама жариялайды. Комиссия құрылғаннан кейін бір аптадан кешіктірмей бірінші жарияланымды қамтамасыз етуге және бұл хабарламаны қырық күннен кешіктірмей және он төрт күннен ерте емес қайталауға тиіс.

16.5. Тарату комиссиясы Палатаға, оның мүшелеріне, сондай-ақ үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтірілген зиян үшін мүліктік жауапкершілікті көтереді.

16.6. Палатаның таратылуы толық деп танылды және Палата осы ақпаратты енгізгеннен кейін Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізіліміне енгізілді.

16.7. Палата таратылғаннан кейін қалған мүлік кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін осы Жарғыда көрсетілген мақсаттарға бағытталады..

**ПАЛАТАНЫҢ БАСТАМАЛАУШЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ
(ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫНЫҢ) ТІЗІМІ**

- 1) Астраханцев Константин Вячеславович – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ азаматы, 01.12.1978 ж.т., ЖСН 781207303162, тұрғылықты мекен-жайы: 050042, Алматы қ., Таугүл-2 ы.а., 22 үй, 6 пәтер.
- 2) Астраханцева Ирина Евгеньевна - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ азаматшасы, 02.10.1978 ж.т., ЖСН 781002403392, тұрғылықты мекен-жайы: 050042, Алматы қ., Таугүл-2 ы.а., 22 үй, 6 пәтер.
- 3) Цой Олег Викторович - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ азаматы, 25.01.1975 ж.т., ЖСН 750125302271, тұрғылықты мекен-жайы: Алматы қ., Абай көш. 150/230, 83 пәтер.
- 4) Белозеров Вадим Владимирович - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ азаматы, 28.02.1976 ж.т., ЖСН 760228300077, тұрғылықты мекен-жайы: 050038, Алматы қ., Жеңіс даңғ., 9 үй, 27 пәтер.
- 5) Белозерова Ирина Владимировна — ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ азаматшасы 07.12.1979 ж.т., ЖСН 791207402053, тұрғылықты мекен-жайы: 050000, Алматы қ., Мынбаев к. 45 үй, 12 үй
- 6) Глотова Екатерина Александровна - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ азаматшасы, 23.06.1993г ж.т., ЖСН 930623450559, тұрғылықты мекен-жайы: **100004**, Караганда к., 19 шағын аудан., 45А үй 5 пәтер
- 7) Музафарова Мария Маратовна- ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ азаматшасы, 25.11.1994 ж.т., ЖСН 941125499033, тұрғылықты мекен-жайы: 050000, Алматы қ., Прокофьева к. 31 үй, 30 пәтер
- 8) Райынбекова Елена Николаевна - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ азаматшасы, 12.08.1981 ж.т., ЖСН 810812401008, тұрғылықты мекен-жайы: 040708, Алматы облысы, Іле ауданы, Водник ы.а., 34 үй, 3 пәтер
- 9) Маркашов Арман Досмуханович- ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ азаматы, 16.09.1974 ж.т., ЖСН 740916301804, тұрғылықты мекен-жайы: 01000, Нур-Султан, Мангилик Ел д., 53 үй, 401 пәтер
- 10) Трус Кирилл Витальевич - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ азаматы, 23.04.1999 ж.т., ЖСН 990423300212, тұрғылықты мекен-жайы: 040616, Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылы Калкаман к. 92 үй

1) Астраханцев К.В. _____

2) Астраханцева И.А. _____

3) Цой О.В. _____

4) Белозеров В.В. _____

5) Белозерова И.В. _____

6) Глотова Е.А. _____

7) Музафарова М.М. _____

8) Райынбекова Е.Н. _____

9) Маркашов А.Д. _____

10) Трус К.В. _____

Утвержден решением
Общего собрания учредителей
от «24» июня 2019г.,
протокол №1

УСТАВ
Общественного объединения «Первая Палата
Налоговых Консультантов г.Алматы»

2019г

1. НАИМЕНОВАНИЕ, МЕСТОНАХОЖДЕНИЕ, ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС

1.1. Общественное объединение «Первая Казахстанская Палата Налоговых Консультантов» (далее по тексту «Палата») является саморегулируемой некоммерческой организацией, основанной на добровольном членстве, созданной в целях регулирования деятельности по оказанию налоговой помощи и контроля за деятельностью своих членов в части соблюдения требований законодательства Республики Казахстан, налогового кодекса, правил и стандартов налоговых консультантов, Кодекса профессиональной этики.

1.2. Наименование полное:

на казахском языке: «Алматының Салық Кеңесшілерінің Бірінші Палатасы»

на русском языке — Общественное объединение «Первая Палата Налоговых Консультантов г.Алматы»

«на английском языке - «First Chamber of Tax Experts of Almaty»

Сокращенное наименование:

на казахском языке: АСКБП

на русском языке: ППНКА

на английском языке: ТЕА

1.3. Палата является юридическим лицом и осуществляет свою деятельность на основе действующего законодательства Республики Казахстан, настоящего Устава и Учредительного договора.

1.4. Учредителями Палаты являются, граждане-инициаторы Республики Казахстан, согласно Приложения №1 к настоящему Уставу.

1.5. Палата приобретает права и обязанности юридического лица с момента ее государственной регистрации.

1.6. Деятельность Палаты основывается на принципах законности, равенства, самофинансирования, ответственности, прозрачности деятельности, взаимопомощи и защиты интересов, независимости.

